




*“Жаңа Жыл хикаясы”
Орындаган:
6”б”
сынып оқушылары*



Ерте, ерте, ертеде, күндердің бір күнінде аң патшасы арыстан өмір сүріпті. Ол аңдарды жинап алып:

- Ей, аңдар, байқайсыңдар ма, біздің орманға қыс келмей жатыр, бірақ оның уақыты келген сияқты. Меніңше біз оны шақыруымыз керек, - депті.

Сол кезде аңдардың ішінен қасқыр шығып:


- Иә, иә, мен келісемін, бірақ біз оны қалай шақырамыз? – деп сұрапты.

Барлық аң ойланып қалады.

Сол кезде доңыз:

*- Мүмкін, біз орманды
безендеріп, келесі айдың
басында бәріміз бүкіл
орманмен бірге ойнап,
қысты шақырармыз, - деп
ұсыныс айтыпты.*





Арыстан:

**- Жақсы, ой жасап көруге
болады екен.**

**Ертеңнен бастап әртүрлі
ойындар құрастырайық, барлық
қажеттілікті аңдарға бөліп
беріңдер, - деп бұйырыпты.**



*Аңдар ақылдасып,
дайындыққа кірісіп
кетеді. Бір аптада олар
бәрін жасап үлгереді.*





*Бірақ олар бір нәрсені
таба алмай біраз
қиналады. Ол - жасыл
ағаш еді.*



*Бір кезде түлкі
мен қасқыр
орманның қақ
ортасынан бір
үлкен жасыл ағаш
тауып алады.
Қасқыр түлкі
екеуі сол ағаш
туралы бәрін
аңдарға жеткізді.*



*Аң патшасы
арыстан орманның
алыстығына
қарамай сол жерге
баруды барлық
аңдарға бұйырады.*





*Аңдардың барлығы
сол орманға
жиналыпты.*

*Жасыл желек
ағашты әдемілеп
безендіріпті.*

*Барлығы ойнап-күліп, көңіл
көтеріпті. Сағат тура он екіде
қыс туралы өлең айтып,
қыстың болуын тілепті.*

*Сол мезетте аспаннан аппақ ақ
ұлна қарлар жауа бастайды. Аң
біткеннің барлығы керемет
сезімге бөленеді.*



*Осыдан кейін олар осы
мерекені асыға күтетін
болды. Бұл мереке «Жаңа
жыл» мерекесі еді. Жаңа
жыл мерекесінде
тілектің қабыл
болатынын білді. Аңдар
сол мерекені жыл сайын
тойлайтын болды.*





*Келесі хикаяларды
басқа
кітаптардан
табасыздар!!!*